


ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІ



АКИМ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ӘКІМ


2014 жылғы 30 мамыр

Өскемен қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 51-0

город Усть-Каменогорск



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт туралы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 29-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына, 2-тармағына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабына сәйкес:

1. Аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдері, облыстық басқармалар басшылары, облыс әкімі аппаратының басшысы:
 - 1) қоса берілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты жұмысқа және жұмыста басшылыққа алу үшін қабылдасын;
 - 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мәтінін облыстың жергілікті атқарушы органдарының барлық мемлекеттік қызметшілерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің назарына жеткізсін;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың нормаларын сақтауға жауапты лауазымды тұлғаларды белгілесін;
 - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру бойынша басқа да қажетті шараларды қабылдасын.
2. Облыс әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы (Б.Х. Закирьянова) облыс әкімінің сайтында, облыстық газеттерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты жариялау бойынша шаралар қабылдасын.
3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі



Д. Ахметов

013002

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің
2017 жылғы «30» *мамырдағы*
№ 54-*В* әкіміне
қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет жәген спорт, жер қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару, ауыл шаруашылығы, табиғат пайдалану мен экология, өндіріс, құрылыс, көлік, энергетика, қаржы және жергілікті басқарудың басқа салаларында.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы: Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты.

3. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың қоғамдық қатынастар саласында қызмет ететін тұлғалар тәртібінің (әрекетінің) ережелері:

3.1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа қатысты салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда:

3.1.1. Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын ұстануы және оны өмірінде өткізуі;

3.1.2. жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуі;

3.1.3. қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін жұмыс істеуі, өздерінің іс-әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуы, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының атына кір келтіретін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеуі;

3.1.4. кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуды ұстануы; үшінші адамдардың мүдделерін білдіруден, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ жүруі;

3.1.5. басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуды жүзеге асырмауы;

3.1.6. мемлекеттік қызметтер тұтынушысы ретінде халықтың сұрау салуларын негізге ала отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды ұдайы негізде қабылдауы;

3.1.7. мемлекеттік қызметтер, лицензиялар мен рұқсат құжаттарын алуға арыздарды қарау кезінде әуре-сарсаңға салу фактілеріне жол бермеу, оларды белгіленген мерзімдерде беруі;

3.1.8. мемлекеттік қызметтер, лицензиялар мен рұқсаттар алуға келген арыз иелерімен қызметтік емес қарым-қатынастарға түспеуі;

3.1.9. құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасауға бейімделуге әрекеттер жасау туралы басшылыққа баяндауы;

3.1.10. «бір терезеден беру» қағидасын сақтау, мемлекеттік қызметтер, лицензиялар мен рұқсат құжаттар алуға келген арыз иелерімен тікелей байланысты барынша азайтуы;

3.1.11. мемлекеттік қызметтер көрсету, лицензиялар мен рұқсат құжаттарын алу үшін бекітілген тізбеге кірмейтін қосымша құжаттарды ұсынуды талап етпеу және сұратпауы;

3.1.12. ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды қызмет алушылардан талап етпеуі;

3.1.13. мемлекеттік қызметтер көрсету туралы қарау үшін қабылданған арыздар туралы, сондай-ақ оларды қарау дәрежесі туралы мәліметтерді автоматтандырылған ақпараттық жүйелеріне (олар болған жағдайда) уақтылы енгізуі;

3.1.14. заңға сәйкес құпия сипаттағы мәліметтерге жатқызылған мәліметтерді немесе қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты мемлекеттік қызметшіге белгілі болған қызметтік ақпаратты мемлекеттік қызметке байланысты емес мақсаттарда жарияламауы және қолданбауы;

3.2. басқарушылық және басқа да шешімдерді өз күзіреті шегінде дайындықта және қабылдауда:

3.2.1. рулық, жерлестік және жеке сенімділік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

3.2.2. қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындау;

3.2.3. қарамағындағы қызметкерлердің арасында еңбек жүктемелерін тең бөлмеуге жол бермеу;

3.2.4. олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділеттілік пен объективтілік таныту;

3.2.5. нақты орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттеріне кірмейтін, сондай-ақ заңнамаға қарама-қайшы келетін өкімдер бермеу;

3.2.6. қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағыларының қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

3.2.7. қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемей;

3.2.8. қарамағындағы және басқа да қызметкерлердің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;

3.2.9. қарамағындағы қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында олардан туындайтын қызығушылықтар жанжалын реттеу жөніндегі жан-жақты шараларды уақтылы қабылдау;

3.2.10. қарамағындағылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

3.2.11. қарамағындағылармен құмар ойындарға қатысудан аулақ жүру;

3.2.12. қарамағындағыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеу ұсынылады.

3.2.13. мүдделердің жанжалы туындағаны, қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі жеке қызығушылығы туралы, сыбайлас жемқорлық жүріс-тұрысқа және сыйлықтар алуға бейімділігі туралы тікелей немесе тура басшысына баяндауы;

3.2.14. қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік қызығушылықтарды басшылыққа алмауы;

3.2.15. маңызды қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестері мен басшыларына жүгінуден аулақ жүруі;

3.2.16. басқа да адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеуі және көтермелемеуі;

3.2.17. әріптестеріне, басшылары мен өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуі;

3.2.18. қызметтік өкілеттіктерді орындаумен байланысты сыйлықтар алмауы;

3.2.19. мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен басымдықтарды алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауы;

3.2.20. егер жақын туысқандық қарым-қатынастардағы адамдар (әкешелері, жұбайлары, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары, немере жиендері, ағалары, әпкелері, әжелері, аталары, жұбайларының жақын туыстары) тікелей қарамағында немесе бақылауында болса, оларды лауазымға тағайындаудан бас тартуы;

3.2.21. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуы;

3.2.22. сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға бейімділігі не болмаса әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа дереу баяндауы;

3.2.23. орындау үшін алған өкімнің заңдылығына күдіктілігі туралы тікелей басшысына дереу жазбаша түрде хабарлауы;

3.2.24. егер тікелей басшысының өзі мүдделер жанжалына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінуі;

3.2.25. жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ұстануы және әріптестерінен талап етуі;

3.2.26. туындауы мүмкін мүдделердің жанжалының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарларының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі шараларды ұдайы негізде қабылдауы;

3.3. нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын дайындауда:

3.3.1. заңдылықтың қағидаттарын, Қазақстан Республикасы конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің

талаптарын, басшылыққа алуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауы;

3.3.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құқықтық және нормативтік актілерді қабылдауда дискрециялық нормаларды, екі мағыналылықты, нақтыланбаған тұжырымдамаларды жібермеуі, қолданыстағы заңнамада жеке басы мен (немесе) ұжымдық мүдделердегі қайшылықтар мен кемшіліктерді болдырмауы;

3.3.3. нормативтік құқықтық актілерді қабылдауда қолданыстағы заңнамамен бекітілген тікелей құзіретінің болуымен басшылыққа алуы;

3.4. өмір тіршілігі саласы ерекшелігіне байланысты туындайтын басқа да өзара қарым-қатынастарда:

3.4.1. тұрақты негізде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда сыбайлас жемқорлықтың пайда болу фактілерін олардың себебін анықтау мақсатында меңгеру, бұзушылықтар фактілері қайталанауының алдын алу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін меңгеру;

3.4.2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүйесін енгізудің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды шығару және басшылыққа енгізу;

3.4.3. материалдық-техникалық және мемлекеттік мүліктің басқа да қамтамасыз ету құралдарын тек лауазымдық міндеттерін орындауда қолдану.

4. Басқа да шектеулер мен тиым салулар:

4.1. мемлекеттік қызметшілерге саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер мен басқа да ұйымдардың шешімдерін өзінің кәсіби қызметіне ықпал етуі мүмкіндігін болдыртпайтын бейтараптықты көрсетуі қажет;

4.2. мемлекеттік қызметшілер лауазымдық жағдайының басымдықтарын сайлауалды агитациясы үшін, сонымен қатар референдум сұрақтары бойынша агитациялар үшін қолданбауы қажет;

4.3. мемлекеттік қызметшілер өз өкілеттіктерін саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер және басқа да ұйымдардың мүддесіне қолданбауы қажет;

4.4. мемлекеттік қызметші өз қызметтік тәртібінде адам, оның құқығы мен бостандығы жоғары құндылық болып табылатындығы, әр азамат жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы барлығы көрсетілген конституциялық ережеге сүйенуі тиіс;

4.5. мемлекеттік қызметшінің мінез-құлығы адамдармен қарым-қатынаста оларға кемсіту мен байбалам салуды жібермейтін, өзімшілдік пен осалдықты көрсетуге қатыссыз, ұстамды болуы қажет;

4.6. мемлекеттік қызметші қарамағындағыларға өз мінез-құлығымен үлгі болуы қажет (адал, әділетті, турашыл, ізетті, ізгі ниетті, ұқыпты және азаматтар мен әріптестерімен қарым-қатынаста төзімшілдік көрсету);

4.7. мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде қызмет шарттары мен қызметтік іс-шараларының нысанына қатысты мемлекеттік органға азаматтардың құрметпен қарауына ықпал етуге, ресмилік, ұстамдылық, дәстүрлік, ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуы тиіс.

